

## 2012 жылы тұқым шаруашылығын субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 05 наурыздағы N 51 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 13 наурызда N 2569 тіркелді. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (ШҚО әкімі аппаратының 2013 жылғы 27 наурыздағы N 6/5168 хаты )

Ескерту. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (ШҚО әкімі аппаратының 27.03.2013 N 6/5168 хаты).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 7-бабы 2-тармағының 12-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, «Тұқым шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңының 6-1-бабына сәйкес және «Тұқым шаруашылығын дамытуға жергілікті бюджеттерден атаулы субсидия беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 14 мамырдағы № 381 қаулысын іске асыру мақсатында Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға 1 қосымшаға сәйкес субсидиялауға жататын бірінші, екінші және үшінші репродукциялы тұқымдарды сатудың 2012 жылға арналған шекті бағалары белгіленсін.

2. Тұқым шаруашылықтары сатқан тұқымдарға берілетін субсидияның қалалар және аудандар бойынша 2012 жылға арналған көлемі осы қаулыға 2 қосымшаға сәйкес бек ітілсін.

3. Ауылшаруашылық дақылдарының түрлері бойынша сатылған бірінші, екінші және үшінші репродукциялы тұқымдардың 1 тоннасына берілетін субсидияның 2012 жылға арналған мөлшері осы қаулыға 3 қосымшаға сәйкес айқындалсын.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Шығыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары В.Л. Кошелевке жүктелсін.

*Облыс әкімі* *Б. Сапарбаев*

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің  
2012 жылғы 5 наурыздағы  
№ 51 қаулысына  
1 қосымша

**Субсидиялауға жататын бірінші, екінші және үшінші репродукциялы тұқымдарды сатудың 2012 жылға арналған шекті бағалары**

№ р/с	Ауыл шаруашылық дақылдарының атауы	Субсидияланатын бірінші, екінші және үшінші репродукциялы тұқымдардың бір тоннасын сатудың шекті бағасы, теңге		
		I	II	III
1	Күздік қара бидай	27000	25500	24000
2	Күздік бидай	27000	25500	24000
3	Жаздық бидай	27000	25500	24000
4	Арпа	21000	19200	18000
5	Сұлы	21000	19200	18000
6	Қарақұмық	30000	28500	27000
7	Бұршақ	28800	27000	25200
8	Күнбағыс	120000	105000	90000
9	Картоп	57000	54000	42000
10	Көп жылдық шөп	225000	222000	210000

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің  
2012 жылғы 5 наурыздағы  
№ 51 қаулысына  
2 қосымша

**Тұқым шаруашылықтары сатқан тұқымдарға берілетін субсидияның қалалар және аудандар бойынша 2012 жылға арналған көлемі**

**Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ШҚО әкімдігінің 2012.08.20 № 189 ( жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

р/с №	Қалалардың, аудандардың атауы	Тұқым шаруашылықтарының саны	Субсидия көлемі, мың теңге
1	Семей	1	12293

2	Бородулиха	4	13307,5
3	Глубокое	1	3616,1
4	Ұлан	4	22662,4
5	Үржар	1	1624
6	Шемонаиха	1	960
облыс бойынша		12	54463

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің  
2012 жылғы 5 наурыздағы  
№ 51 қаулысына  
3 қосымша

**Ауылшаруашылық дақылдарының түрлері бойынша сатылған бірінші, екінші және үшінші репродукциялы тұқымдардың 1 тоннасына берілетін субсидияның 2012 жылға арналған мөлшері**

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ШҚО әкімдігінің 2012.08.20 № 189 ( жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

р/с №	Ауылшаруашылық дақылдарының түрлері	Ауыл шаруашылығы дақылдарының сатылған бірінші, екінші және үшінші репродукциялы тұқымдарының 1 тоннасына берілетін субсидияның мөлшері, теңге		
		I	II	III
1	Күздік кара бидай	18000	17000	16000
2	Күздік бидай	18000	17000	16000
3	Жаздық бидай	18000	17000	16000
4	Арпа	14000	12800	12000
5	Сұлы	14000	12800	12000
6	Қарақұмық	20000	19000	18000
7	Бұршак	19200	18000	16800
8	Күнбағыс	80000	70000	60000
9	Картоп	38000	36000	28000
10	Көп жылдық шөп	150000	148000	140000